

Прокурордың, қылмыстық қудалау органдарының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) және шешімдеріне жасалған шағымдарды соттардың қарауы туралы (Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 106-бабы)

2012 жылғы 27 маусымдағы № 3 Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулысы.

Ескерту. Нормативтік қаулының тақырыбы және деректемелері жаңа редакцияда – ҚР Жоғарғы Сотының 29.11.2024 № 6 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Нормативтік қаулысымен.

Ескерту. Бүкіл мәтін бойынша:

"тергеу және анықтау органдарының", "тергеу, анықтау органдарының", "анықтау, тергеу органдарының", "анықтау, тергеу органының" деген сөздер "қылмыстық қудалау органдарының" деген сөздермен ауыстырылды;

"ҚІЖК-нің" деген сөз "ҚПК-нің" деген сөзбен ауыстырылды;

"анықтау немесе алдын ала тергеу", "анықтау, алдын ала тергеу", "алдын ала тергеу мен анықтаудың" деген сөздер тиісінше "сотқа дейінгі тергеп-тексеру", "сотқа дейінгі тергеп-тексерудің" деген сөздермен ауыстырылды;

"ізге түсу", "ізге түсуді" "іс жүргізушілік", деген сөздер тиісінше "қудалау", "қудалауды" "процестік", деген сөздермен ауыстырылды;

"109" деген цифрлар "106" деген цифрлармен ауыстырылды - ҚР Жоғарғы Сотының 31.03.2017 № 3 нормативтік қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қылмыстық істер бойынша сотқа дейінгі іс жүргізу барысында жеке және заңды тұлғалардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін сот арқылы қорғауды қамтамасыз ету, сондай-ақ прокурордың, қылмыстық қудалау органдарының іс-әрекеттері (әрекетсіздігі) мен шешімдеріне жасалған шағымдарды қарау бойынша біркелкі сот практикасын қалыптастыру мақсатында Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жалпы отырысы

ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Прокурордың, қылмыстық қудалау органдарының қылмыстық істер бойынша сотқа дейінгі іс жүргізу сатысында жүзеге асырылатын іс-әрекеттеріне (әрекетсіздігіне), сондай-ақ қабылдаған шешімдеріне келтірілген шағымдарды соттардың қарауы Қазақстан Республикасы Конституциясының 12-бабының 2-тармағында, 77-бабының 1-тармағында және Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 12-бабында бекітілген әркімнің сот арқылы қорғалу құқығын іске асыруды қамтамасыз ету тәсілдерінің бірі болып табылады, сондықтан соттар сот төрелігіне қол жеткізуді, сотқа

шағыммен жүгіну негіздерін көздейтін және оларды қарау тәртібін реттейтін заң нормаларын дұрыс қолдануды қамтамасыз етуге тиіс.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 31.03.2017 № 3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 20.05.2026 № 5 (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулыларымен.

2. Прокурордың, қылмыстық қудалау органдарының іс-әрекеттері (әрекетсіздігі) және шешімдері жеке құқықтары мен бостандықтарына тікелей әсер еткен жеке тұлғалар (Қазақстан Республикасының азаматтары, шетелдіктер, азаматтығы жоқ адамдар), сондай-ақ ұйымдар, егер көрсетілген актілермен олардың заңды мүдделеріне әсер етсе, сол сияқты олардың қорғаушылары, өкілдері сотқа шағыммен жүгінуге құқылы. Тұлғалардың ҚПК-нің 106-бабында көзделген тәртіппен сотқа шағыммен жүгіну құқығын тексеру кезінде "Қылмыстық сот ісін жүргізуде адамның және азаматтың құқықтарын, бостандықтарын соттың қорғауы туралы" Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2010 жылғы 25 маусымдағы № 4 нормативтік қаулысының 4-тармағын соттардың басшылыққа алғаны жөн.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 22.12.2022 № 10 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулыларымен.

3. Алып тасталды - ҚР Жоғарғы Сотының 11.12.2020 № 6 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

4. ҚПК-нің 106-бабының бірінші бөлігінде көрсетілген әрекеттер (әрекетсіздік) және шешімдер сот тәртібімен шағым жасауға жатады.

ҚПК-нің 106-бабының тәртібімен шағым жасауға жататын өзге әрекеттерге (әрекетсіздікке) және шешімдерге:

тергеу судьясы санкциялайтындарды қоспағанда, күдіктіге, айыпталушыға процестік мәжбүрлеу шараларын қолдану;

жәбірленуші деп танудан бас тарту;

қылмыстық құқық бұзушылық және оны тексеру кезіндегі әрекетсіздік туралы хабарды қабылдаудан бас тарту;

қорғаушыны тағайындау немесе өкілді, заңды өкілді жіберу туралы өтінішхатты қанағаттандырудан бас тарту;

қорғаушыны, жәбірленушінің өкілін, азаматтық талапкерді немесе азаматтық жауапкерді қатысудан шеттету;

күдіктіні, айыпталушыны іздестіруге жариялау туралы қаулы (халықаралық іздестіруге жариялау туралы қаулыдан басқа немесе сот іздестіруге жарияланған күдіктіге, айыпталушыға қатысты күзетпен ұстау түрінде бұлтартпау шарасын санкциялау туралы өтінішхатты қараған болса);

сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімдерін үзу;

күдіктіге, айыпталушыға, оның қорғаушысына (қорғаушыларына), жәбірленушіге, оның өкіліне, заңды өкіліне сотқа дейінгі тергеп-тексеру кезеңінде танысуға жататын қылмыстық істің материалдарын ұсынбау;

ҚПК-нің 99-бабының тәртібімен өтінішхатты қарамау (өтінішхатты уақтылы қарамау) және т.б. жатқызылуы мүмкін.

Тергеу судьясы санкцияламайтын сотқа дейінгі тергеп-тексеру органдарының бұлтартпау шараларын қолдану, олардың күшін жою немесе оларды өзгерту туралы қаулылары ҚПК-нің 106-бабының тәртібімен шағым жасауға жатады. ҚПК-нің 153-бабының төртінші және алтыншы бөліктеріне сәйкес қылмыстық қудалау органының кепіл, күзетпен ұстау немесе ұйқамақ түрінде бұлтартпау шарасының күшін жою немесе оларды тергеу судьясы санкцияламайтын бұлтартпау шарасына өзгерту туралы қаулыларына осындай тәртіппен шағым берілуі мүмкін.

Мамандандырылған тергеу соттары және мамандандырылған ауданаралық тергеу соттары адамдардың тиісті жасырын тергеу әрекеттерінің (бұдан әрі – ЖТӨ) жүргізілуін заңсыз деп тану туралы арыздарын ҚПК-нің 106-бабында көзделген тәртіппен қарайды. ЖТӨ заңсыз деп танылған және оларды жүргізу нәтижесінде адамға залал келтірілгені анықталған жағдайда тергеу судьясы оған ҚПК-нің 4-тарауында көзделген тәртіппен залалды өтеткізуге құқығын түсіндіреді.

Арыз жасырын тергеу әрекеттерін жүргізу туралы хабардар етілген сәттен бастап он бес тәулік ішінде берілуі мүмкін.

ҚПК-нің 502-бабының төртінші бөлігіне сәйкес прокурордың арызды, іс жүргізуді жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша қозғау туралы хабарды қанағаттандырудан бас тарту туралы жауабы оны алған сәттен бастап он бес тәулік ішінде ҚПК-нің 106-бабында көзделген тәртіппен шағым жасалуға жатады.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Жоғарғы Сотының 20.05.2026 № 5 (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

4-1. Сотталғандардың жазаны орындайтын мекеменің немесе органның олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қозғайтын іс-әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) және шешімдеріне, сондай-ақ үкімді орындауға байланысты мәселелер бойынша прокурордың шешімдеріне не прокурордың олардың осындай шағымдарын қанағаттандырудан бас тартуына шағымдары ҚПК-нің 482-бабының ережелерін ескере отырып, ҚПК-нің 106-бабында көзделген тәртіппен сотталған адамның жазасын өтеу орны бойынша аудандық сот қарайды. Қарау нәтижелері бойынша сот ҚПК-нің 482-бабының төртінші бөлігінде көзделген шешімдердің бірін шығарады.

Ескерту. Нормативтік қаулы 4-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Жоғарғы Сотының 11.12.2020 № 6 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

5. Заңда өзге тәртіппен шағым жасау көзделген процестік әрекеттер (әрекетсіздік) мен шешімдердің күшін жою туралы шағымдар, атап айтқанда Сотқа дейінгі

тергеп-тексерудің бірыңғай тізілімінде қылмыстық құқық бұзушылық туралы арызды, хабарды немесе баянатты тіркеудің күшін жою туралы шағымдар, оларды ҚПК-нің 179-бабы бірінші бөлігінің 1), 2) және 5) тармақтарының талаптарын бұза отырып, тіркеу жағдайларын қоспағанда, сондай-ақ дәлелдемелерді жарамсыз деп тану туралы, адамды күдікті, қорғануға құқығы бар куә деп тану, іс-әрекетті дұрыс сараламау немесе айыптаудың дұрыс тұжырымдалмауы туралы, не оның дәлелденбегені туралы, күдікті деп тану және іс-әрекетті саралау кезінде заңды дұрыс қолданбау туралы, бұлтартпау шарасын тергеу судьясы санкциялайтын бұлтартпау шарасына өзгерту, сот актілерінің заңсыздығы, мүлікке тыйым салудың күшін жою туралы өтініш қамтылған шағымдар ҚПК-нің 106-бабының тәртібімен қарауға жатпайды.

Тергеу әрекеттерін жүргізу туралы, сараптамалар тағайындау туралы қаулыларды, процестік әрекеттердің хаттамаларын заңсыз деп тану туралы шағымдар ҚПК-нің 106-бабының тәртібімен қарауға жатпайды. Бұл ретте, қылмыстық қудалау органы тарапынан көрсетілген әрекеттерді (әрекетсіздікті) жүргізу және шешім қабылдау барысында азаматтың және ұйымның құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылғаны, мысалы жауап алуды заңда белгіленген уақыттан асырып үзіліссіз жүргізу, сараптама тағайындау туралы қаулымен таныстырмау, сарапшының шешуіне қосымша сұрақтарды қою туралы өтінішхат бойынша шешім қабылдамау және т.б. туралы шағымдар берілуі мүмкін.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Жоғарғы Сотының 20.05.2026 № 5 (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

6. Сотқа шағымдар ҚПК-нің 106-бабының бесінші бөлігінде көрсетілген мерзімді сақтай отырып, қылмыстық іс бойынша анықтауды және алдын ала тергеуді жүргізудің барлық кезеңінде, оның ішінде айыпталушыны сотқа беру сатысында берілуі мүмкін.

Тиісті прокурорға шағыммен жүгінгеннен кейін адам, оның қорғаушысы (қорғаушылары) прокурордың жауабымен танысқан күннен бастап он бес тәулік ішінде немесе егер осы уақытқа прокурордан жауап алынбаса, сол мерзімде осындай шағыммен сотқа жүгінуге құқылы.

Сотқа шағым беру үшін өткізіп алынған мерзім мүдделі адамның өтінішхаты бойынша ҚПК-нің 50-бабында көзделген жалпы қағидалармен қалпына келтірілуі мүмкін.

Қылмыстық істі сотқа жолдағаннан кейін келіп түскен прокурордың, қылмыстық қудалау органдарының әрекеттерінің (әрекетсіздігінің), шешімдерінің заңсыздығы туралы шағымдарды қарауды сот ҚПК-нің 305-бабының үшінші бөлігіне сәйкес қылмыстық істі мәні бойынша қарау кезінде жүзеге асырады.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Жоғарғы Сотының 20.05.2026 № 5 (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

7. Сотқа жолданатын шағым жазбаша нысанда немесе электрондық құжат нысанында ұсынылады, онда арыз беруші мен өз мүддесі үшін шағым беріліп отырған

адамның тегі, аты, әкесінің аты, олардың мекенжайы мен байланыс телефондары, органның атауы мен орналасқан жері, шағым жасалып отырған іс-әрекетті (әрекетсіздікті) жасаған, шешім қабылдаған лауазымды адам көрсетіледі. Шағымда қашан, кім (қандай орган немесе оның лауазымды адамы) және қандай процестік іс-әрекеттер (әрекетсіздіктер) жасалғаны, қандай шешім қабылданғаны көрсетілуге тиіс. Бұл ретте шағымда заңның қандай нормалары бұзылғанын, осылардың арыз берушінің құқықтары мен заңды мүдделеріне қалай әсер еткендігін, сондай-ақ арыз берушінің өтінішінің мәнін көрсету қажет. Сонымен бірге сотқа жүгінгенге дейін шағымда көрсетілген іс-әрекеттердің (әрекетсіздіктің), шешімдердің прокурорға шағымдалған-шағымдалмағанын, жауаптың қашан алынғанын (не алынбағанын), прокурордың жауабының мәнін және олармен келіспейтіндігі туралы уәждерді көрсету қажет.

Шағымға оны берген адам қол қояды. Шағымға оның көшірмелері (прокурорға және іс-әрекеттеріне (әрекетсіздігіне), шешімдеріне шағым жасалған адамдарға тапсыру үшін); шағымдалып отырған процестік актінің көшірмесі; арыз берушінің пікірі бойынша шағымдағы уәждерді растайтын материалдар; прокурордың шағымды қанағаттандырусыз қалдыру туралы жауабы; прокурорға жолданып, жауап алынбаған шағымның көшірмесі; шағым берген адамның өкілінің құқығын растайтын құжаттар қоса берілуге тиіс.

Келіп түскен шағымда және оған қоса берілген материалдарда қажетті мәліметтер болмаған кезде, судья шағымды қабылдаудан бас тартпастан және оны қараусыз кері қайтармастан, арыз берушіден немесе өзге де тұлғалар мен органдардан оларды талап етеді және оларды ұсыну мерзімін белгілейді. Арыз иесі нұсқауларды орындамаған жағдайда судья шағымдарды өндіріске қабылдаудан бас тартады және оны иесіне қайтарады.

Ескерту. 7-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 31.03.2017 № 3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 20.05.2026 № 5 (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулыларымен.

8. Арыз беруші сот отырысы басталғанға дейін не судья кеңесу бөлмесіне кеткенге дейін берілген шағымды жеке өзі немесе өзінің өкілі арқылы кері қайтарып алуға құқылы. Өкілдер сотқа берілген шағымды тек өздері мүддесін білдіріп отырған адамның келісімімен ғана кері қайтарып ала алады. Шағымды қайтарып алу процестік әрекеттер (әрекетсіздік) мен шешімдерге шағым беру үшін ҚПК-нің 106-бабының бесінші бөлігінде белгіленген мерзімдердің ішінде іс бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру аяқталғанға дейін сотқа оны қайтадан беруге кедергі болмайды.

Заң анықтау, қылмыстық қудалау органдарының, прокурордың іс-әрекеттері (әрекетсіздігі) мен шешімдеріне сотта қылмыстық істі қарау кезеңінде де шағым беруге тыйым салмайды. Мұндай жағдайларда сот шағымды сот ісін жүргізудің заңдылығы және іс-әрекеттерді (әрекетсіздікті), шешімдерді шағымдаудың нәтижесінде алынған

дәлелдемелердің жарамдылығын тексеру тұрғысынан қарайды және қаралып жатқан іс бойынша дәлелдемелерді бағалау кезінде тиісті шешім қабылдайды.

Ескерту. 8-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 31.03.2017 № 3 нормативтік қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

9. Арыз берушінің шағымды ҚПК-нің 106-бабының тәртібімен сотта қарау үшін беруі және оны соттың қарауы іс бойынша іс жүргізуді тоқтата тұруға, соның ішінде және шағым жасалатын іс-әрекетті жалғастырмауға және шағым жасалатын шешімді орындамауға әкеп соқпайды.

10. Азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қозғайтын процестік әрекеттерді жасау кезінде заңның бұзылуы жөніндегі шағымдарды мамандандырылған ауданаралық тергеу соттары, мамандандырылған тергеу соттары және аудандық және оған теңестірілген соттар (тергеу судьясы) қарайды. Шағымдардың сотта қаралуы іс-әрекеттеріне шағым жасалып отырған тиісті сотқа дейінгі тергеп-тексеру органының орналасқан жері бойынша, ал прокурордың шағымды қанағаттандырудан бас тартуын немесе одан шағымға жауап алмауды шағымдау кезінде – тиісті прокуратураның орналасқан жері бойынша айқындалады.

Егер судья шағымды алған кезде шағымның осы сотта қаралуға жатпайтынын анықтаса, ол шағымды соттылығы бойынша басқа сотқа жіберу туралы дереу қаулы шығаруға тиіс.

Ескерту. 10-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 31.03.2017 № 3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 11.12.2020 № 6 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулыларымен.

11. Заңға сәйкес осы процестік іс-әрекетке (әрекетсіздікке), шешімге шағым беру құқығы жоқ адамдар шағым берген, не ҚПК-нің 106-бабында көзделген тәртіппен қаралмайтын іс-әрекеттер (әрекетсіздік) мен шешімдерге шағым берілген немесе шағым беру мерзімі өткен және оны қалпына келтіру туралы өтініш болмаған жағдайларда, сондай-ақ арыз берушіден сот отырысы басталғанға дейін шағымды кері қайтару туралы арыз түскен кезде судья шағымдарды қараусыз қалдыру туралы дәлелді қаулы шығарады.

Ескерту. 11-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 11.12.2020 № 6 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 22.12.2022 № 10 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулыларымен.

12. Тергеу судьясының шағымды сот отырысын өткізбей, жеке-дара қарауын қоспағанда, шағымды өзінің іс жүргізуіне қабылдау және оны іс жүргізіп мәні бойынша қарау үшін сот отырысын тағайындау судьяның қаулысымен ресімделеді, онда шағымды қарау уақыты мен орны туралы, бұл туралы арыз берушіге, прокурорға,

сондай-ақ іс-әрекетіне (әрекетсіздігіне) және шешіміне шағым жасалған анықтаушыға, тергеушіге хабардар етілгені туралы көрсетілуге тиіс.

Шағымдарды қарау кезінде сот отырысына куәлар, сарапшылар, мамандар және басқа да адамдар ретінде жауап алу үшін өзге адамдарды шақыруға заңмен тыйым салынбайды. Қажет кезде тергеу судьясы қылмыстық қудалау органдарының, прокурордың шағымдалған іс-әрекеттерге (әрекетсіздікке), шешімдерге қатысты тиісті материалдарды ұсынуын қаулыда міндеттей алады. Судьяның аталған талабы үш тәуліктен аспайтын мерзімде мүлтіксіз және дер кезінде орындалуға жатады.

Ескерту. 12-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 11.12.2020 № 6 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 20.05.2026 № 5 (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулыларымен.

12-1. Тергеу судьясының қаулысымен тергеушінің, анықтаушының, прокурордың сол бір шешіміне немесе әрекеттеріне бірнеше шағым бір іс жүргізуге біріктірілуі мүмкін.

Бірнеше шағым бір іс жүргізуге біріктірілген жағдайда қарау мерзімі соңғы шағым түскен күннен бастап есептеледі.

Ескерту. 12-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Жоғарғы Сотының 22.12.2022 № 10 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

13. Шағымды тергеу судьясы үш тәулік ішінде сот отырысын өткізбей жеке-дара қарайды. Егер заңды және негізді шешім қабылдау үшін маңызы бар мән-жайларды зерттеу қажет болса, тергеу судьясы шағымды он тәулік ішінде жабық сот отырысында тиісті адамдар мен прокурордың қатысуымен қарайды, олардың келмеуі шағымды қарауға кедергі келтірмейді. Жабық сот отырысын тиісті адамдар мен прокурор қосылған бейнебайланыс режимінде өткізген кезде процеске қатысушы болып табылмайтын басқа адамдардың қолжетімділігі шектелуге тиіс. Сот отырысы барысында сот отырысының хаттамасы жүргізіледі. Қажет болған кезде тергеу судьясы қосымша материалдарды талап етіп алдырып, тиісті адамдарды шақыруға және олардан сұрақ алуға құқылы. Әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) және шешімдеріне шағым жасалып отырған лауазымды адамдар соттың сұрау салуы бойынша үш тәулік ішінде мұндай әрекеттерді (әрекетсіздікті) жасауға және шешімдерге негіз болған материалдарды сотқа ұсынуға міндетті.

Тергеу судьясы шағымды қараған кезде істегі бар дәлелдемелерге баға бермей, арыз иесі өз шағымында көрсеткен барлық мән-жайларды анықтаушының, тергеушінің, прокурордың тексергенін және ескергенін анықтауға тиіс. Бұл ретте сот кінәнің дәлелденгені немесе дәлелденбегені, жиналған дәлелдемелердің жол берілетіндігі немесе жол берілмейтіндігі туралы түйін жасамай, іс бойынша шешім қабылдау үшін материалдық-құқықтық және процестік негіздердің бар екенін не жоқ екенін тексеруге тиіс.

"Сот отырысының хаттамасы жөнінде қылмыстық іс жүргізу заңдарының нормаларын қолдану туралы" Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2005 жылғы 23 желтоқсандағы № 11 нормативтік қаулысының 5-тармағына сәйкес, ҚПК-нің 106-бабында көзделген тәртіппен шағымдарды қарау кезінде сот отырысының хаттамасын жүргізу міндетті.

Прокурордың, қылмыстық қудалау органдарының шешімдеріне және іс-әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымды қараған тергеу судьясы ҚПК-нің 87-бабының бірінші бөлігінің 2-тармағына сәйкес, бірінші, апелляциялық, кассациялық сатыларындағы соттарда қылмыстық істі қарауға қатыса алмайды.

Ескерту. 13-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 31.03.2017 № 3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 11.12.2020 № 6 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 20.05.2026 № 5 (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулыларымен.

14. Сот отырысының дайындық бөлігінде тергеу судьясы тиісті шағымды қарау бойынша сот отырысының басталғаны туралы хабарлай келіп, отырысқа қатысушы арыз берушіге, оның қорғаушысына және өкіліне, прокурорға олардың қарсылық білдіру құқығы мен шағымдарды қарау бойынша іс жүргізілуіне байланысты олардың өзге де процесік құқықтары мен міндеттерін түсіндіруге, сондай-ақ оларда өтініштің бар-жоғын анықтауға, егер өтініштер мәлімделсе, оларды қарауға, одан кейін арыз берушіден оның шағымды қолдайтынын анықтауға тиіс.

Шағымдарды қарау шағым беріліп отырған іс-әрекетті (әрекетсіздікті), шешімді тексеру, шағым жасалған іс-әрекеттің (әрекетсіздіктің), шешімнің заңға сәйкестігін зерделеу мақсатында арыз берушіні, өзге де тұлғаларды тыңдаудан, шағымдағы, шағымға қоса тіркелген материалдардағы және тараптар қосымша ұсынған немесе сот талап еткен материалдардағы дәлелдерді зерттеуден тұрады.

Шағымдарды қарау кезінде судья шағымдағы уәждердің шегінен шықпауға тиіс, сондықтан арыз беруші, прокурор ұсынған немесе соттың өзі талап еткен материалдарды шағым бойынша дұрыс шешім қабылдау үшін қажет болатындай көлемде зерттеуге құқылы.

ҚПК-нің 106-бабының тәртібімен шағымды қарау кезінде тергеу судьясына мәлімделген қарсылық білдіруді осы тергеу судьясы арызды қарау қорытындылары бойынша қаулы шығара отырып, жеке-дара шешеді. Тергеу судьясының қаулысына келтірілген шағымды, өтінішхатты шешетін апелляциялық сатыдағы соттың судьясына мәлімделген қарсылық білдіруді аталған соттың төрағасы немесе осы соттың басқа судьясы шешеді.

Судьяға қарсылық білдіру туралы арызды қарау қорытындылары бойынша қабылданған қаулы дербес шағымдануға жатпайды. Процеске қатысушының арызды

негізсіз қабылдамау туралы дәлелдері шағымды қарау нәтижелері бойынша қабылданатын қаулыға жекеше шағымда немесе прокурордың өтінішхатында көрсетілуі мүмкін.

Ескерту. 14-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 11.12.2020 № 6 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

15. Қылмыстық құқық бұзушылық туралы арыздарды немесе хабарламаларды қабылдаудан бас тартуға шағымдарды қарау кезінде сот арыз берушінің хабарламаны қашан және қай органға жібергенін, қандай себептермен хабарламаның қабылданбағанын тексеруге тиіс. Осындай шағымдар бойынша шешім қабылдау кезінде сот қылмыстық құқық бұзушылықтарды жасау туралы хабарламаның ҚПК-нің 185-бабының бірінші бөлігінің талаптарына сәйкес міндетті түрде қабылдауға, тіркелуге және қаралуға жататынын назарға алғаны жөн.

Жеке айыптау тәртібімен қылмыстық қудалау туралы арызды қабылдаудан бас тарту туралы сот қаулысы ҚПК-нің 422-бабына сәйкес жоғары тұрған сотқа шағымдануға жатады.

Ескерту. 15-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 31.03.2017 № 3 нормативтік қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

16. Алып тасталды - ҚР Жоғарғы Сотының 31.03.2017 № 3 нормативтік қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

17. Қылмыстық құқық бұзушылық туралы тіркелген арызды немесе хабарды тергеулігі бойынша беру туралы қылмыстық қудалау органының шешіміне шағымдарды қараған кезде, тергеулігі бойынша беру ҚПК-нің 186-бабында көзделген жағдайларда ғана жол берілетінін соттардың ескергені жөн. Қылмыстық құқық бұзушылық туралы тіркелген арызды немесе хабарды тергеулігі бойынша заңда көзделмеген басқа негіздермен беру туралы шешім заңсыз деп танылуға жатады.

Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Жоғарғы Сотының 31.03.2017 № 3 нормативтік қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

18. Алып тасталды - ҚР Жоғарғы Сотының 31.03.2017 № 3 нормативтік қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

19. Сот сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімдерін ұзу немесе қылмыстық іс бойынша іс жүргізуді қысқарту туралы қаулыға шағымды қарау кезінде, істегі дәлелдемелерге баға бермей, арызданушы шағымда көрсеткен барлық мән-жайларды анықтаушының, тергеушінің, прокурордың тексергенін және ескергенін, сондай-ақ бұл мән-жайлардың іс жүргізуді сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімдерін ұзу немесе қысқарту туралы шешімінің заңдылығына әсер ету мүмкіндігін анықтауға тиіс. Бұл ретте сот кінәнің дәлелденгені немесе дәлелденбегені туралы, жинақталған материалдардың

жарамдылығы немесе жарамсыздығы туралы тұжырым жасамай, істі қысқарту не тоқтату үшін материалдық-құқықтық және процестік негіздердің бар-жоғын тексеруге тиіс.

Ескерту. 19-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 31.03.2017 № 3 нормативтік қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

19-1. ҚПК-нің 306-бабының үшінші бөлігіне сәйкес тергеу судьясының соттылығына ҚПК-нің 106-бабының тәртібімен жедел-іздігі кызметінің, қылмыстық іс бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексерудің заңдылығына қадағалауды жүзеге асыратын прокурордың қылмыстық қудалау органдарының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) және шешімдеріне шағымды қанағаттандырудан бас тарту туралы шешіміне шағымдарды қарау жатқызылған.

Соттар прокурордың көрсетілген шешіміне шағымды жоғары тұрған прокурордың қанағаттандырудан бас тартуы адам келіспеген қылмыстық қудалау органының әрекеттеріне (әрекетсіздігі) және шешімдеріне арыз берушінің шағымындағы дәлелдердің жиынтығымен ҚПК-нің 106-бабының тәртібімен қарау нысанасы болып табылатынын ескеруге тиіс.

Ескерту. 19-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Жоғарғы Сотының 20.05.2026 № 5 (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

20. Шағымды жеке-дара не тиісті адамдар мен прокурордың қатысуымен қарау және материалдарды зерттеу нәтижелері бойынша судья ҚПК-нің 106-бабының сегізінші бөлігінде көрсетілген шешімдердің бірін қабылдайды, ол туралы уәжді қаулы шығарады.

Бұл ретте, егер судьяның шағымды қарауға байланысты материалдарды ұсыну туралы талабын тиісті органдар орындамаса, судья шағымды олар жоқ кезде қарайды және егер қолда бар материалдар шағымның уәждерін жоққа шығармаса, шағымды қанағаттандыру туралы қаулы шығарады.

Ескерту. 20-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 31.03.2017 № 3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 29.11.2024 № 6 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Нормативтік қаулыларымен.

21. Егер қылмыстық қудалау органы, істі қысқарту туралы, шешім қабылдаған кезде заң талаптары сақталса, шағымдалған қаулыны тек формальды негіздер бойынша (мысалы, қабылданған шешім туралы мүдделі тұлғаларға хабарланбаса, тиісті тұлғалар жәбірленуші немесе азаматтық талапкерлер болып танылмаса не аталған тұлғаларға олардың іс жүргізу құқықтары мен міндеттері түсіндірілмесе) заңсыз деп тануға болмайды.

Егер сот отырысында қабылданған шешімдердің процестік нысандарын елеулі бұзудың расталуы нәтижесінде (мысалы, істі ақтау негіздері бойынша қысқарту туралы

қаулыға адамның кінәлілігіне күмән келтіретін тұжырымдамалар енгізілген кезде) немесе сот өзге де тәсілмен арызданушының құқықтарына, бостандықтарына, заңды мүддесіне нұқсан келтірілді деп таныса, бұл процестік актілерді заңсыз деп тануға әкеп соқтыруы мүмкін.

Ескерту. 21-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 31.03.2017 № 3 нормативтік қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

22. Алып тасталды – ҚР Жоғарғы Сотының 20.05.2026 № 5 (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

23. Прокурордың арыз беруші сотқа шағыммен жүгінгеннен кейін қабылдаған шағым жасалған шешімнің күшін жою туралы шешімі шағымды мәні бойынша қарауға кедергі келтірмейді. Тергеу судьясы мұндай жағдайларда ҚПК-нің 106-бабы сегізінші бөлігінің талаптарына сәйкес шешім қабылдайды.

Прокурорлық қадағалауды жүзеге асыру барысында тергеушінің немесе анықтаушының істі тоқтату туралы қаулыларының және басқаларының күші жойылған прокурордың қаулысы, сондай-ақ істің барлық мән-жайларының толық анықталмауына байланысты не заңның өзге де талаптарын сақтамауына орай прокурордың, тергеу бөлімі бастығының, анықтау органы бастығының жазбаша нұсқаулары заңсыз деп танылуы мүмкін емес, өйткені олар алдын ала тергеудің және анықтаудың заңдылығын қамтамасыз етуге бағытталған. Көрсетілген қаулыларды шығару кезінде жол берілген арыз берушінің құқықтарын, бостандықтарына нұқсан еткізетін грамматикан, заңды мүдделерін бұзу жойылуға тиіс.

Ескерту. 23-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Жоғарғы Сотының 20.05.2026 № 5 (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

24. Арыз беруші шағыммен прокурорға жүгінгеннен кейін прокурордан жауап алынбағаны және шағымды берген сәттен бастап 15 тәулік мерзімнің өтпегені не арыз беруші сотқа жүгіну үшін ҚПК-нің 106-бабының бесінші бөлігімен белгіленген мерзімді өткізіп алғаны сот отырысында анықталған жағдайда, оны қалпына келтіру туралы өтінішхат болмаған кезде тергеу судьясы тиісті негіздемелерді көрсетіп, арызды қарамай кері қайтару туралы қаулы шығарады. Өзгеше тәртіппен шағымдалатын іс-әрекетке (әрекетсіздікке) немесе тиісті лауазымды адамдардың, прокурордың шешіміне шағым берілген жағдайларда не осы сәтте сотқа дейінгі тергеп-тексеру аяқталған және іс сотқа жіберілген жағдайларда да судья тап осындай қаулы шығарады.

Соттың шағымды ҚПК-нің 106-бабының тәртібімен қарау кезінде, мысалы, шағымды басқа органның немесе лауазымды адамның қарауына беру туралы қаулыларды шығаруы заңмен қарастырылмаған.

Ескерту. 24-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Жоғарғы Сотының 20.05.2026 № 5 (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

25. Соттың шағымды қараудың қорытындылары бойынша шығарған қаулысы заңды әрі негізді болуға тиіс. Қаулының кіріспе бөлігінде оны шығару уақыты мен орны; қаулыны шығарған соттың атауы; сот отырысына төрағалық етуші, хатшы, процеске қатысушылар, олардың өкілдері, аудармашы; шағым берушінің тегі, аты, әкесінің аты, қаралуға жататын актінің атауы, іс-әрекеті (әрекетсіздігі), шешімі шағымдалып отырған орган көрсетілуге тиіс. Қаулының сипаттама-дәлелдеме бөлігінде шағымдалып отырған іс жүргізу әрекеті (әрекетсіздік) кезінде бұзушылыққа жол берілгені-берілмегені, заң нормасы бойынша қандай шешім қабылданғаны, осы бұзушылықтардың арыз берушінің жеке құқықтары мен заңды мүдделерін қозғайтыны-қозғамайтыны, сондай-ақ соттың тиісті дәлелдерді келтіре отырып осы бұзушылықтарды жою мақсатында шағым бойынша қандай шешімдерді қабылдауға тиіс екені көрсетілуі қажет. Қаулының қарар бөлігінде шағымды қанағаттандыру, шағымдалып отырған іс жүргізу әрекетін (әрекетсіздікті), шешімді заңсыз деп тану туралы шағымдалып отырған актінің атауы, актіні кімнің, қашан, кімге қатысты немесе қандай себептер бойынша шағымдалып отырғаны (шағымдалмағаны) немесе шығарылғаны көрсетіліп, актінің күшін жою туралы шешім немесе тиісті лауазымды адамға азаматтың немесе ұйымның жол беріліп бұзылған құқықтары мен заңды мүдделерін қалпына келтіру туралы берілген нұсқау көрсетілуге тиіс.

Азаматтың немесе ұйымның бұзылған құқықтары мен заңды мүдделерін жою міндетін тиісті лауазымды адамға немесе прокурорға жүктеп, шағымды қанағаттандыру туралы қаулы шығару кезінде қаулыда қандай бұзушылықтар жойылу керектігі нақтылы көрсетілуге тиіс.

Ескерту. 25-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 31.03.2017 № 3 нормативтік қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

26. Сот қаулысы жарияланғаннан кейін, оның көшірмесі арыз берушіге және прокурорға сол күні тапсырылуға тиіс, ал егер олар сот отырысына қатыспаса, қол жетімді байланыс құралының көмегімен оларға жіберілуге тиіс. Арыз берушінің, прокурордың соттың қаулысына, тергеу судьясының санкциясына жекеше шағым беруі /өтінішхат келтіруі үшін ҚПК-нің 107-бабының екінші бөлігінде көзделген мерзімді сақтауы олардың қаулының көшірмесін алу уақытымен байланысты емес, көрсетілген мерзім қаулы жарияланған сәттен бастап есептеледі. Сот қаулысына шағым беру мерзімін өткізіп алған жағдайда осы мерзім ҚПК-нің 50-бабының қағидаларына сәйкес қалпына келтірілуі мүмкін.

Жекеше шағым/өтінішхат түскен жағдайда тергеу судьясы олардың көшірмелерін тараптарға жібереді, ал қаулы жария етілгеннен бастап үш тәулік өткеннен кейін істі жоғары тұрған сотқа жібереді, бұл туралы арыз берушіге және прокурорға хабарлайды. Тараптар жекеше шағымға/өтінішхатқа қарсылықты жоғары тұрған сотқа жазбаша түрде бере алады не істі осы соттың судьясы қарауы кезінде ауызша білдіре алады.

Ескерту. 26-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 31.03.2017 № 3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 11.12.2020 № 6 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулыларымен.

27. Жекеше шағымды/өтінішхатты түскен сәттен бастап облыстық немесе оған теңестірілген соттың судьясы жабық сот отырысында үш күн мерзім ішінде жеке-дара қарайды. Сот отырысына шағым беруші және прокурор қатыса алады, олар шағымның және сот қабылдаған қаулының мәні бойынша түсіндірме беруге, сондай-ақ қарама-қарсы тараптың шағымына/өтінішхатына қарсы қарсылық білдіруге құқылы, алайда олардың келмеуі жекеше шағымды/өтінішхатты қарауға кедергі болмайды, сондай-ақ шағымды кері қайтарып алу, шағымды қараусыз қалдыру немесе шағымды қанағаттандырусыз қалдыру үшін негіз ретінде қарастырылмайды. Апелляциялық сатының судьясы ҚПК-нің 430-бабына сәйкес, берілген шағымды шешу үшін қажетті қосымша материалдарды тараптардың өтінімі немесе өз бастамасы бойынша сұратуға құқылы. Соттардың қаулыларына шағымдарды, наразылықтарды қарау кезінде, оларда келтірілген дәлелдерді тексерумен қатар, облыстық соттар прокурордың, қылмыстық қудалау органдарының заңның азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын емін-еркін шектеуге тыйым салатын талаптарын сақтауына тиісті назар аударулары қажет, сондай-ақ соттардың шағымды қарау кезінде заң талаптарын сақтауына назар аударуға тиіс.

Жекеше шағымды/өтінішхатты қараудың қорытындылары бойынша облыстық немесе оған теңестірілген соттың судьясы кеңесу бөлмесінде қаулы шығарады, онда шағымның/өтінішхаттың қанағаттандырылғаны не оларды қанағаттандырудан бас тартылғаны туралы көрсетіледі. Шағым/өтінішхат қанағаттандырылған кезде, қаулыда тергеу судьясының шағым жасалған қаулысының күшін жою туралы көрсетілуге және шағымның мәні бойынша жаңа шешім жазылуға тиіс. ҚПК-нің 106-бабында көрсетілмеген шешімдерді, атап айтқанда, тергеу судьясының қаулысының күшін жойып, істі қайтадан қарау үшін сол сотқа жіберу туралы, тергеу судьясының қаулысын өзгерту туралы, шағымды өзге органның немесе лауазымды адамның қарауы үшін жіберу туралы шешімдерді қабылдауға жол берілмейді.

Облыстық сот судьясының қаулысы жарияланғаннан кейін дереу заңды күшіне енеді, түпкілікті болып табылады, арыз берушінің осы шағымын ҚПК-нің 106-бабымен көзделген тәртіппен, сондай-ақ кассациялық тәртіппен қарау жөнінде одан әрі іс жүргізуге жол бермейді.

Ескерту. 27-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 31.03.2017 № 3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 11.12.2020 № 6 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулыларымен.

28. Арыз берушінің шағымы қанағаттандырылған және шағым жасалған процестік әрекеттің (әрекетсіздіктің), шешімнің күшін жою туралы қаулы етілген не жеке тұлғаның немесе ұйымның бұзылған құқықтары мен заңды мүдделерін қалпына келтіру тиісті лауазымды адамға, прокурорға жүктелген қаулы заңды күшіне енгеннен кейін тергеу судьясының өкімі бойынша ол дереу орындау үшін тиісті органға, лауазымды адамға, прокурорға жіберіледі, олар қаулының орындалғаны туралы сотқа хабарлауға міндетті.

Бұл ретте қаулыда сот актісінің орындалуы туралы сотқа хабарлау мерзімі көрсетілуге тиіс.

Шағымды ҚПК-нің 106-бабының тәртібімен қарау нәтижесі бойынша шығарылған тергеу судьясының заңды күшіне енген немесе дереу орындалуға жататын сот актісін орындамаған жағдайда заң бұзушылықтарын жою міндеттелген лауазымды адам заңда көзделген жауаптылыққа тартылуға жатады.

Ескерту. 28-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Жоғарғы Сотының 20.05.2026 № 5 (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

29. Прокурордың, қылмыстық қудалау органдарының адамның құқықтары мен бостандықтарын, ұйымдардың заңмен қорғалатын мүдделерін заңсыз шектеуге немесе өзге де бұзушылықтарға әкеп соққан әрекеттерінің (әрекетсіздігінің) және (немесе) шешімдерінің заңсыздығы фактісі анықталған кезде тергеу судьясы шағымды қарау қорытындысы бойынша ҚПК-нің 56-бабының алтыншы бөлігіне сәйкес заң бұзушылыққа жол берген адамдардың жауаптылығы туралы мәселені шешу үшін жекеше қаулы шығаруға міндетті.

Ескерту. 29-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Жоғарғы Сотының 22.12.2022 № 10 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР Жоғарғы Сотының 20.05.2026 № 5 (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулыларымен.

30. Қазақстан Республикасы Конституциясының 4-бабына сәйкес, осы нормативтік қаулы қолданыстағы құқық құрамына қосылады, сондай-ақ жалпыға бірдей міндетті болып табылады және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы

Жоғарғы Сотының Төрағасы

Б.Бекназаров

Қазақстан Республикасы

Жоғарғы Сотының судьясы,

жалпы отырыс хатшысы

Д.Нұралин